«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің
«Петропавл қаласының
білім бөлімі»
коммуналдық
мемлекеттік мекемесі

150000, Петропавл қаласы,
Қазақстан Конституциясы к, 23 үй
тел: (8-7152) 46-56-58
ptr@sqo.gov.kz

Коммунальное
государственное учреждение
«Отдел образования
города Петропавловска»
коммунального государственного
учреждения «Управление
образования акимата Северо
Казахстанской области»

150000, г. Петропавловск,
ул. Конституции Казахстана, 23
тел: (8-7152) 46-56-58
ptr@sqo.gov.kz

БҰЙРЫҚ

____26.10.2023 г._____
Петропавл қаласы

ПРИКАЗ

№ ___280___
г. Петропавловск

**Қамқоршылық кеңесінің
құрамын бекіту туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабы 9-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығының 6-тармағына сәйкес, «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 01 наурыздағы № 56 бұйрығының редакциясында)
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қамқоршылық кеңестің құрамын бекіту туралы» алдында қабылданған бұйрықтардың күші жойылсын.
2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының Қамқоршылық кеңестерінің құрамы 1-28-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.
3. Қосымша білім беру ұйымдарының Қамқоршылық кеңестерінің құрамы 29-30-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.
4. 64-65 қосымшаларға сәйкес орта білім беру ұйымдарының қамқоршылық кеңестерінің құрамы бекітілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Петропавл қаласының білім бөлімі» КММ тәрбие ісі жөніндегі әдіскері А.Е.Мағзұмоваға жүктелсін.

Бөлім басшысы **Д. Рақышева**

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Государственное коммунальное казенное предприятие «Ясли-сад «Алпамыс» коммунального государственного учреждения «Отдел образования города Петропавловска» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области»

БҰЙРЫҚ

«12» 09 2024 ж. № 94/5 н/қ

«Қамқоршылық кеңесін құру туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда №15584 болып тіркелген) сәйкес,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-ның тәрбиеленушілерінің ата-аналары (заңды өкілдері) қатарынан келесі құрамда Қамқоршылық кеңесі құрылсын:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:
Ә.Б. Токпанов

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:
Д.А. Саруаров
А.А. Баянова
Н.К. Байзаков
А.А. Казесова
Е.С. Кусаинов
Р.М. Каршалов
Н.А. Ғалымжан
М.А. Каршалова

2. Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің өкілеттігі білім беру ұйымдарындағы Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылсын.
3. Қамқоршылық кеңесінің хатшысы болып педагог С.Д. Жақан тағайындалсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Меңгеруші **М. К.Сабитова**

Бұйрықпен таныстым, келістім:
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Ә.Б.Токпанов
Хатшы: С.Д. Жақан

Қамқоршылық кеңес мүшелері: 8 адам
1) Д.А. Саруаров
2) А.А. Баянова
3) Н.К. Байзаков
4) А.А. Казесова
5) Е.С. Кусаинов
6) Р.М. Каршалов
7) Н.А. Ғалымжан
8) М.А. Каршалова

КЕЛІСІЛДІ:
«Алпамыс» бөбекжай- бақшасы»
МҚҚК меңгерушісі
_____ Сабитова М.К.
«_2_» _____05_____2024 ж.

БЕКІТЕМІН:
Қамқоршылық кеңесінің
төрағасы.
_____
«_28_» _____08_____2024 ж.

2024–2025 оқу жылына арналған
Қамқоршылыққеңестің кеңестің жұмыс жоспары

№	Іс- шаралар	Орындалу мерзімі	Жауапты	Өткізу нысаны
1	МДҰ-ның жаңа оқу жылына дайындығының қорытындылары, материалдық базаны толықтыру және мектепке дейінгі ұйымды одан әрі дамыту перспективалары. Жүргізілген жөндеу жұмыстарының қорытындыларын талқылау.	Қыркүйек	Меңгеруші	Дөңгелек үстел
2	1. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру. 2. «Қамқоршылық кеңестің» мүшелерін сайлау. 3. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту.	2024 ж.05.09.	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б. Токпанов, қамқоршылық кеңесінің мүшелері.	Дөңгелек үстел
3	Мерекелік іс-шаралар мен спорттық жарыстарды өткізуге көмек көрсету.	Жыл бойы	Меңгеруші М.К. Сабитова, әдіскер М.С. Баграмова, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б. Токпанов	Ұйымдастыруға көмек көрсету
4	«Біз өз қаламызды жақсы көреміз және туған өлкеміздің әрбір бұрышын көркейтеміз» атты акция (Аула мен іргелес аумақты қоқыстан тазартуға бағытталған экологиялық акция).	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің мүшелері.	Ұйымдастыруға көмек көрсету

5	1. 2024- 2025 оқу жылында білім беру ұйымын ұстауға бюджеттен бөлінген қаржы қаражаттың жұмсалуы туралы есебі. 2.Қамқоршылық кеңесінің Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыруға қатысуы. Музыкалық зал мен дәліздерді Жаңа жылдық ертеңгіліктерге безендіру. «Үздік топ безендірілуі», «Үздік қар қалашығы», «Үздік қолөнер бұйымы» байқауларын ұйымдастыру.	2024 ж.19.11.	Меңгеруші М.К. Сабитова, әдіскер М.С. Баграмова, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б. Токпанов, қамқоршылық кеңес мүшелері	Дөңгелек үстел
6	1.«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы МКҚК-да балалардың тамақтануын ұйымдастыру туралы. 2.Мектепке дейінгі ұйым ғимаратының санитариялық қағидалар мен нормалардың (СанЕмН) талаптарына сәйкестігі туралы.	2025 ж.24.02.	Меңгеруші М.К. Сабитова, әдіскер М.С. Баграмова, медбике Ш.И. Сагадиева, мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер Ж.К. Авдеенко,қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б. Токпанов, қамқоршылық кеңес мүшелері	Лекциялық бөлме
7	1. 2024 – 2025 оқу жылындағы балабақша жұмысының қорытындысы. 2.Мектепке дейінгі ұйымдағы жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және балабақша ғимаратына косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу. 3. Қамқоршылық кеңесінің 2024 – 2025 оқу жылындағы жұмысы туралы есебі.	2025 ж.26. 05.	Меңгеруші М.К. Сабитова, әдіскер М.С. Баграмова, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б. Токпанов, қамқоршылық кеңес мүшелері	Есеп

«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-нің
қамқоршылыққеңестіңотырыстары
№1 ХАТТАМА

Өткізу күні:2024 ж.05.09.
Өткізу түрі: дөңгелек үстел.
Қатысқандар:
Меңгеруші М.Қ.Сабитова
Әдіскер М.С.Баграмова
Хатшы С.Д.Жақан
Қамқоршылық кеңес мүшелері: 9 адам

1) Д.А. Саруаров
2) А.А. Баянова
3) Н.К. Байзаков
4) А.А. Казесова
5) Е.С. Кусаинов
6) Р.М. Каршалов
7) Н.А. Ғалымжан
8) М.А. Каршалова
9) Ә.Б. Токпанов

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру.**Жауапты:** меңгеруші М.К. Сабитова.
2. «Қамқоршылық кеңестің» мүшелерін сайлау.**Жауапты:** меңгерушісі М.К. Сабитова.
3. 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту. **Жауапты:** әдіскер М.С.Баграмова.

1.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, бөбекжай- бақшасының меңгерушісі М.К. Сабитова балабақшада ұйымдастырылып жатқан Қамқоршылық кеңесінің жұмысмазмұнымен таныстырды:

-Қамқоршылық кеңесінің жұмысы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілетінін айтып өтті. Балабақшадағы құрылып отырған Қамқоршылық кеңесінің мүшелігіне әрбір параллель топтан ата-ана.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Әдіскер М.С. Баграмова:Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық - мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы арту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

А) жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын артыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.

Ә) жалпы білім беру ұйымының материалдық техникалық базасымен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен қабинеттерін көбейту.

Б) Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, балалардың өмірін мен денсаулығын сақтауға бағытталады.

Әдіскер Макпал Сәкеновна: Осы мүшелер арасынан қамқоршылық кеңесіне мүше сайлайсыздар, ал хатшыны балабақша қызметкерлері арасынан сайласаныздар деді.

ҚАУЛЫ: Қамқоршылық кеңестің ережесі, мақсат-міндеттері және құру тәртібі туралы ақпарат назарға алынсын. **Жауапты:** қатысушылар. **Мерзімі:** жыл бойы.

«Келісемін»-9 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2.

ТЫҢДАЛДЫ:

Меңгеруші М.К. Сабитова: Қамқоршылық кеңес құрамына кімдер ену керектігіне, олардың функционалдық міндеттеріне тоқталып өтті. Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен төмендегі тұлғалар Қамқоршылық кеңестің мүшесі болуға ұсынылды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Д.А. Саруаров -кеңес мүшесі:

- Біздер сіздерді жұмыстарыңыздың жақсы орындалуы үшін қолдан келетін көмекті аямаймыз, бірлесе жұмыс атқарамыз. Ал қамқоршылық кеңес төрағасына Ә.Б. Токпановты ұсынамыз. Ал хатшыға педагог қызметін атқаратын С.Д. Жақанды ұсынамыз -деді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Ата-ана, қамқоршылық кеңестің төрағасы Ә.Б. Токпанов сөз сөйлеп, 2024–2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын таныстырды. Ол жоспардың негізгі бағыттарына тоқталып, Қамқоршылық кеңес жұмысы үш сектор бойынша ұйымдастырылатынын атап өтті. Атап айтқанда:

- педагогикалық сектор;
- материалдық-техникалық сектор;
- бақылау-шаруашылық секторы.

Ә.Б. Токпанов әр сектордың атқаратын қызметі мен міндеттеріне қысқаша тоқталып, кеңес мүшелерін жұмыс жоспарын талқылап, бірлесіп жүзеге асыруға шақырды.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Ә.Б. Токпанов.

Хатшысы: С.Д. Жақан.

Қамқоршылық кеңестің мүшелері:

№	Аты- жөні, тегі (толық)	Жұмыс орны	Лауазым
«Жергілікті өкілді, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері».			
1	Д.А. Саруаров	Полиция департаменті	Қызметкер
«Жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілі».			
2	А.А. Баянова	«Алтын бесік» бөбекжай-бақшасы» МКҚК	Іс жүргізуші
3	А.А. Казесова	Жұмыссыз	
4	М.А. Каршалова	Әду-Досмухаметов атындағы облыстық гимназия	Мұғалім

«МД тәрбиеленушілерінің ата-аналары (заңды өкілдері)».			
5	Н.А. Ғалымжан	ЖК «Есперлі»	Жүргізуші
6	Р.М. Каршалов	РММ ҚР Ұлттық ұланы академиясының оқу зертханасының маманы	Командир
7	Е.С. Кусаинов	№3 өрт сөндіру бөлімі	Командир
8	Н.К. Байзаков	67322 әскери бөлімінің қызметкері	Педагог

ҚАУЛЫ: Қамқоршылық кеңес құрамын ұсынылған тұлғалар кеңес мүшелігіне сайлансын. **Жауапты:** меңгеруші М.К. Сабитова, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б. Токпанов, кеңес мүшелері. **Мерзімі:** 2024–2025 оқу жылы бойы.
«Келісемін»-9 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

3.
ТЫҢДАЛДЫ:
Әдіскер М.С.Баграмова 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын таныстырды : Жоспарда оқу-тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, мақсат-міндеттері, жыл бойына жоспарланған іс-шаралар және оларды іске асыру тетіктері баяндалды.
- Жоспар Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді. Онда оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, әдістемелік жұмыстар, педагогтердің кәсіби дамуы, оқушылардың білім сапасын арттыру, тәрбие жұмысы және ата-аналармен өзара байланыс бағыттары қамтылған. Жоспарды қарап шығып, бекітуге ұсынамын.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:
Меңгеруші М.К. Сабитова: Жұмыс жоспары толық әрі нақты дайындалған. Барлық іс-шаралар оқу жылының кезеңдеріне сәйкес жоспарланған. Ұсыныстарым жоқ, жоспарды бекітуді қолдаймын.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:
Кеңес төрағасы Ә.Б. Токпанов: – Тәрбие жұмысына байланысты іс-шаралар жүйелі енгізілген. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған жұмыстар жеткілікті деңгейде қарастырылған. Жоспарды қолдаймын.
ҚАУЛЫ: 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін. Жоспарда көрсетілген іс-шаралардың сапалы және уақтылы орындалуы қамтамасыз етілсін.
Қамқоршылық кеңес құрамын ұсынылған тұлғалар кеңес мүшелігіне сайлансын. **Жауапты:** меңгеруші М.К. Сабитова, қамқоршылық кеңес төрағасы Ә.Б. Токпанов, кеңес мүшелері, әдіскер М.С. Баграмова.
Мерзімі: 2024–2025 оқу жылы бойы.
«Келісемін»-9 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

ҚАУЛЫ ЕТТІ:
1.Қамқоршылық кеңестің ережесі, мақсат-міндеттері және құру тәртібі туралы ақпарат назарға алынсын. **Жауапты:** қатысушылар. **Мерзімі:** жыл бойы.
«Келісемін»-9 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2. Қамқоршылық кеңес құрамын ұсынылған тұлғалар кеңес мүшелігіне сайлансын.**Жауапты:**меңгеруші М.К. Сабитова, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б. Токпанов, кеңес мүшелері.
Мерзімі:2024–2025 оқу жылы бойы.
«Келісемін»-9 «Қарсы»-0 «Қалыс қалды» -0

3.2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін. Жоспарда көрсетілген іс-шаралардың сапалы және уақтылы орындалуы қамтамасыз етілсін.
Қамқоршылық кеңес құрамын ұсынылған тұлғалар кеңес мүшелігіне сайлансын.**Жауапты:**меңгеруші М.К. Сабитова, қамқоршылық кеңес төрағасы Ә.Б. Токпанов, кеңес мүшелері, әдіскер М.С. Баграмова.
Мерзімі:2024–2025 оқу жылы бойы.
«Келісемін»-9 «Қарсы»-0 «Қалыс қалды» -0

Меңгеруші: М.К. Сабитова
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Ә.Б.Токпанов
Хатшы: С.Д. Жақан

Қамқоршылық кеңес мүшелері:8 адам

1) Д.А. Саруаров
2) А.А. Баянова
3) Н.К. Байзаков
4) А.А. Казесова
5) Е.С. Кусаинов
6) Р.М. Каршалов
7) Н.А. Ғалымжан
8) М.А. Каршалова

«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-нің
қамқоршылыққеңестіңотырыстары
№2 ХАТТАМА

Өткізу күні:2024 ж.19.11.
Өткізу түрі: дөңгелек үстел.
Қатысқандар:
Меңгеруші: М.Қ.Сабитова
Әдіскер: М.С.Баграмова
Хатшы: С.Д.Жақан
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Ә.Б.Токпанов
Қамқоршылық кеңес мүшелері: 8 адам

1) Д.А. Саруаров
2) А.А. Баянова
3) Н.К. Байзаков
4) А.А. Казесова
5) Е.С. Кусаинов
6) Р.М. Каршалов
7) Н.А. Ғалымжан
8) М.А. Каршалова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024- 2025 оқу жылында білім беру ұйымын ұстауға бюджеттен бөлінген қаржы қаражаттың жұмсалуы туралы есебі.
   Жауапты: меңгеруші М.К. Сабитова.
2. Қамқоршылық кеңесінің Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыруға қатысуы. Музыкалық зал мен дәліздерді Жаңа жылдық ертеңгіліктерге безендіру. «Үздік топ безендірілуі», «Үздік қар қалашығы», «Үздік қолөнер бұйымы» байқауларын ұйымдастыру. **Жауапты:**қамқоршылық кеңесінің төрағасыӘ.Б.Токпанов.

1.

ТЫҢДАЛДЫ:
Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» меңгерушісі М.К. Сабитова сөз сөйлеп, 2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымды ұстауға бюджеттен бөлінген қаражатың игерілуі туралы толық есеп берді.
Бөлінген қаражат келесі мақсаттарға жұмсалғаны айтылды:

- қызметкерлердің еңбекақысын және өтемақы төлемдерін төлеуге;
- салықтар мен міндетті әлеуметтік аударымдарды төлеуге;
- мектепке дейінгі ұйымды күтіп-ұстауға;
- өрт дабылы, өрт кезінде дыбыстық хабарлау жүйесі мен бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсетуге;
- жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеуге;
- педагогтер мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарына;
- коммуналдық қызметтерге, электр және жылу энергиясына ақы төлеуге;
- тәрбиеленушілердің ауыз су режимін қамтамасыз ету үшін бөтелкедегі ауыз су сатып алуға;

- кеңсе тауарларын, шаруашылық заттарын, құрылыс материалдарын, дезинфекциялық құралдарды және басқа да қажетті материалдарды сатып алуға.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:
Одан кейін балабақшаның есепшісі С.К. Саруарова 2025 жылға жоспарланған қосымша білім беру қызметтері туралы ақпаратпен таныстырды.
СӨЗ СӨЙЛЕДІ:
Меңгерушісі М.К. Сабитова: 2025 жылдан бастап педагогтердің біліктілік деңгейінің артуына байланысты олардың жалақысы көбейетінін атап өтті. Осыған байланысты ата-аналармен жасалатын келісімшартқа өзгерістер енгізіліп, қосымша білім беру қызметтерінің және тамақтану ақысының мөлшері қайта қаралатынын хабарлады.
СӨЗ СӨЙЛЕДІ:
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері А.А. Казесова ұсынылған қаржылық есепті талқылап, бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді жұмсалғанын атап өтті. Сонымен қатар ата-аналармен жасалатын келісімшартқа енгізілетін өзгерістер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылды.
ҚАУЛЫ: 2025 жылға арналған ата-аналармен жасалатын келісімшарт бекітілсін.
Қосымша білім беру қызметтері бойынша ата-аналарға толық түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. **Жауапты:** меңгерушісі М.К. Сабитова. **Мерзімі:** 2025 жылғы 5 қаңтарға дейін.
«Келісемін»-9 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2.
ТЫҢДАЛДЫ:
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б. Токпанов сөз сөйлеп, Жаңа жыл мерекесінің балалар үшін ерекше тәрбиелік және мәдени маңызы бар екенін атап өтті.
Ол Жаңа жылдық ертеңгіліктерді жоғары деңгейде өткізу мақсатында ата-аналарды мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді тартуды ұсынды. Сонымен қатар ата-аналардың қатысуымен мерекелік кейіпкерлердің образдарын дайындап, балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлау қажеттігін айтты.
Сондай-ақ музыкалық залды, топ бөлмелерін және дәліздерді мерекелік безендіру бойынша шығармашылық жұмыстар ұйымдастыруды ұсынды.
Бұдан бөлек, балабақша педагогтері мен Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінен тұратын арнайы комиссия құрып, төмендегі байқауларды өткізуді ұсынды:
- «Үздік топ безендірілуі»;
- «Үздік қар қалашығы»;
- «Үздік қолөнер бұйымы».

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:
Кеңес мүшесі М.А. Каршалова: Ұсыныстарды қолдап, мұндай іс-шаралардың балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ата-аналар мен педагогтардың ынтымақтастығын нығайтуға оң әсер ететіндігін атап өтті.
ҚАУЛЫ: Ата-аналарды Жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыруға белсенді түрде тартсын. Байқау қорытындысын Жаңа жылдық ертеңгіліктер барысында шығарып, жеңімпаздарды марапаттаусын.«Үздік топ безендірілуі», «Үздік қар қалашығы», «Үздік қолөнер бұйымы» байқауларын өткізсін.
Жауапты: қамқоршылық кеңесі мүшелері, мектепке дейінгі ұйым педагогтері.
Мерзімі: 2024 жылғы 25–27 желтоқсан.

«Келісемін»-9 «Қарсы»-0 «Қалыс қалды» -0

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025 жылға арналған ата-аналармен жасалатын келісімшарт бекітілсін.
Қосымша білім беру қызметтері бойынша ата-аналарға толық түсіндіру жұмыстары жүргізілсін. **Жауапты:**меңгерушіМ.К.Сабитова **Мерзімі:**2025 жылғы 5 қаңтарға дейін.
«Келісемін»-9 «Қарсы»-0 «Қалыс қалды» -0

2.Ата-аналарды Жаңа жылдық ертеңгіліктерді ұйымдастыруға белсенді түрде тартсын. Байқау қорытындысын Жаңа жылдық ертеңгіліктер барысында шығарып, жеңімпаздарды марапаттаусын.«Үздік топ безендірілуі», «Үздік қар қалашығы», «Үздік қолөнер бұйымы» байқауларын өткізсін.
Жауапты:қамқоршылық кеңесімүшелері, мектепке дейінгі ұйым педагогтарі. **Мерзімі:**2024 жылғы 25–27 желтоқсан.
«Келісемін»-9 «Қарсы»-0 «Қалыс қалды» -0

Меңгеруші: М.К. Сабитова
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Ә.Б.Токпанов
Хатшы: С.Д. Жақан

Қамқоршылық кеңес мүшелері: 8 адам

1) Д.А. Саруаров
2) А.А. Баянова
3) Н.К. Байзаков
4) А.А. Казесова
5) Е.С. Кусаинов
6) Р.М. Каршалов
7) Н.А. Ғалымжан
8) М.А. Каршалова

«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-нің
қамқоршылық кеңестің отырыстары
№3 ХАТТАМА

Өткізу күні: 2025 ж.24.02.
Өткізу түрі: Лекциялық бөлме
Қатысқандар:
Меңгеруші М.К.Сабитова
Әдіскері М.С.Баграмова
Медбике Ш.И. Сагадиева
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер Ж.К. Авдеенко
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б.Токпанов
Қамқоршылық кеңес мүшелері: 6 адам

1) Д.А. Саруаров
2) А.А. Баянова
3) Н.К. Байзаков
4) А.А. Казесова
5) Е.С. Кусаинов
6) Р.М. Каршалов

Қатыспаған: 2 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы МКҚК-да балалардың тамақтануын ұйымдастыру туралы. **Жауапты:** меңгеруші М.К. Сабитова.
2. Мектепке дейінгі ұйым ғимаратының санитариялық қағидалар мен нормалардың (СанЕмН) талаптарына сәйкестігі туралы. **Жауапты:** медбике Ш.И. Сагадиева.

1.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе – «Балалардың тамақтануын ұйымдастыру туралы» меңгерушісі Сабитова М.К. баяндама жасады.

- Өз сөзінде ол тәрбиеленушілердің тәуліктік тағамдық қажеттілігінің 100 пайызын қамтамасыз ететін төрт мезгіл тамақпен қамтылатынын атап өтті. Тамақтандыру балабақша меңгерушісі бекіткен 10 күндік перспективалық ас мәзіріне сәйкес ұйымдастырылған. Ас мәзірі барлық жас топтарындағы балалардың физиологиялық энергия және тағамдық заттарға деген қажеттіліктерін, сондай-ақ тәуліктік азық-түлік нормаларын ескере отырып әзірленген.

2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға арналған мәзірді құрастыру кезінде мыналар ескеріледі:

- әр жас тобына арналған азық-түліктің орташа тәуліктік нормасы;
- тағам көлемі;
- физиологиялық қажеттілік нормалары;
- өнімдерді суық және жылумен өңдеу кезіндегі табиғи шығын мөлшері;
- дайын тағамның шығымы;
- тағам әзірлеу барысында өнімдерді өзара алмастыру нормалары;
- Санитариялық қағидаларға сәйкес қолдануға тыйым салынған тағамдар мен өнімдер.

Балабақша тәрбиеленушілерінің жас ерекшелігі мен мекемеде болатын уақытына сәйкес санитариялық талаптармен бекітілген нормалар негізінде теңгерімді және сапалы тамақтануы қамтамасыз етіледі.

Ас блогының жабдықталуы мен санитариялық жағдайы қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын санитариялық талаптарға және ас блогындағы еңбек қауіпсіздігі жөніндегі үлгілік нұсқаулықтарға толық сәйкес келеді. Технологиялық жабдықтар, ас үй құралдары, ыдыстар мен ыдысқаптар азық-түлікпен жанасуға рұқсат етілген материалдардан жасалған. Барлық ас үй құралдары мен ыдыстар шикі және дайын өнімдерге арналған арнайы таңбалармен белгіленген.

Ас блогында күн сайын еден жуылып, шаң мен өрмек тазаланады, жылыту батареялары мен терезе алды сүртіледі. Апта сайын жуғыш құралдарды пайдалана отырып қабырғалар, жарықтандыру құрылғылары жуылып, әйнектер күйе мен шаңнан тазартылады.

Күн сайын барлық үй-жайларға, жабдықтарға және құрал-саймандарға толық санитариялық тазалау және дезинфекция жүргізіледі.

Балалардың тамақтануы «ұтымды және қауіпсіз тамақтандыру» қағидаттарына негізделген. Тағамдарды әзірлеу кезінде қайнату, бұқтыру, буға пісіру, пеште пісіру және бу-конвекциялық пеште дайындау технологиялары қолданылады. Қуыру тәсілі пайдаланылмайды.

Тағам әзірлеу барысында технологиялық карталардың талаптары және тағам дайындаудың санитариялық-эпидемиологиялық нормалары қатаң сақталады.

Балалардың ағзасындағы дәрумендер мен минералдық заттардың жетіспеушілігінің алдын алу мақсатында дәрумендермен және микроэлементтермен байытылған азық-түлік өнімдері пайдаланылады. Тағамдарды дәрумендендіру медицина қызметкерінің бақылауымен және ата-аналарды міндетті түрде хабардар ете отырып жүргізіледі.

Дәрумендендірілген сусындар өндірушінің нұсқаулығына сәйкес таратылар алдында дайындалады. Ас мәзірінде мұндай сусындар болмаған жағдайда үшінші тағамға (компот немесе кисель) С дәрумені қосылады. Компот 15°С, кисель 35°С температурасына дейін салқындатылғаннан кейін ғана дәрумен қосылады.

Дайын тағамдарды тарату үш адамнан тұратын бракераж комиссиясының тексеруінен кейін ғана жүзеге асырылады. Бақылау нәтижелері дайын аспаздық өнімдердің бракераж журналына тіркеледі.

Балабақшада қауіпсіз ауызсу режимі ұйымдастырылған. Балаларға бөтелкедегі ауыз су беріледі.

Топтарда тамақтандыру санитариялық талаптарға сәйкес меңгеруші бекіткен кесте бойынша ұйымдастырылады.

Тәрбиешілердің міндеттері:

- балалардың тамақтануы кезінде қауіпсіз жағдай жасау;
- мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.

Балаларды ас блогынан тамақ алуға тартуға қатаң тыйым салынады.

Тағамды таратар алдында тәрбиеші көмекшісі:

- үстелдерді ыстық сумен және сабынмен жуады;
- қолын мұқият жуады;
- арнайы санитариялық киім киеді;
- дастарқанды ас қабылдау тәртібіне сәйкес әзірлейді.

ҚАУЛЫ:Мектепке дейінгі ұйымда балаларды сапалы және теңгерімді тамақтандыруды ұйымдастыру жұмысы жалғастырылсын. **Жауапты:** мектепке дейінгіұйымныңқызметкерлері. **Мерзімі:**тұрақты.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2.

ТЫҢДАЛДЫ:

Медбике Ш.И. Сагадиева: Балабақшада тамақтандыруды дұрыс ұйымдастырудың маңызды шарттарының бірі – ас блогына, тағамды дайындау және сақтау үдерісіне қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтау болып табылады. Тағамнан уланудың және жіті ішек инфекцияларының алдын алу мақсатында ас блогының қызметкерлері азық-түлік өнімдерін технологиялық өңдеу талаптарын және жеке бас гигиенасы қағидаларын бұлжытпай орындайды.

Санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау мақсатында мектепке дейінгі ұйымда мынадай жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі:

- ас блогы қызметкерлерінің мерзімдік медициналық тексеруден өтуі;
- азық-түлік өнімдері мен шикізатты тек сапа сертификаттары болған жағдайда қабылдау;
- тез бұзылатын өнімдерді есепке алу журналын жүргізу және жарамдылық мерзімін бақылау;
- сақтау температурасы әртүрлі 3 тоңазытқыштың болуы және олардың температуралық режимін арнайы журналға күнделікті тіркеу;
- ет, жұмыртқа, жеміс-жидек пен көкөністерге арнайы санитариялық өңдеу жүргізу;
- тағам дайындауда пайдалануға рұқсат етілген азық-түлік өнімдерін ғана қолдану;
- қауіпсіз жуғыш және дезинфекциялау құралдарын (шаруашылық сабын, жуғыш ұнтақ, дезинфекциялық құралдар) пайдалану.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Сабитова М.К. Меңгерушісі 2025 жылы азық-түлік өнімдерінің бағасы Қазақстан Республикасы бойынша қалыптасқан статистикалық бағадан аспайтынын атап өтті. Мысал ретінде «Алпамыс» бөбекжай-бақшасы МКҚК бойынша өткен жылмен салыстырғандағы төлем мөлшерлері ұсынылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелері 10 күндік перспективалық ас мәзірімен және тағам түрлерінің ассортиментімен танысты.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер Ж.К. Авдеенко: сатып алынатын азық-түлік өнімдерінің тізбесі, жеткізушілер және статистикалық бағалар туралы есеп берді.

ҚАУЛЫ:

1. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілерді күтіп-ұстау жағдайлары санитариялық қағидалар мен нормалардың (СанЕмН) талаптарына сәйкес деп танылсын.
2. Кіші және орта мектепке дейінгі жас топтарына арналған 10 күндік перспективалық ас мәзірі, тағам ассортименті және сатып алынатын азық-түлік өнімдерінің тізбесі бекітілсін.

Жауапты: меңгеруші М.К. Сабитова, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б.Токпанов.

Мерзімі: тұрақты.

«Келісемін»-7 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1.Мектепке дейінгі ұйымда балаларды сапалы және теңгерімді тамақтандыруды ұйымдастыру жұмысы жалғастырылсын.

1.Мектепке дейінгі ұйымда балаларды сапалы және теңгерімді тамақтандыруды ұйымдастыру жұмысы жалғастырылсын.
Жауапты: мектепке дейінгіұйымныңқызметкерлері**. Мерзімі:**тұрақты.
«Келісемін»-7 «Қарсы»-0 «Қалыс қалды» -0

2.
2.1. Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілерді күтіп-ұстау жағдайлары санитариялық қағидалар мен нормалардың (СанЕмН) талаптарына сәйкес деп танылсын.
2.2.Кіші және орта мектепке дейінгі жас топтарына арналған 10 күндік перспективалық ас мәзірі, тағам ассортименті және сатып алынатын азық-түлік өнімдерінің тізбесі бекітілсін.
Жауапты:меңгеруші М.К. Сабитова, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б.Токпанов.
Мерзімі:тұрақты.
«Келісемін»-7 «Қарсы»-0 «Қалыс қалды» -0

Меңгеруші: М.К. Сабитова
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Ә.Б.Токпанов
Хатшы: С.Д. Жақан
Медбике: Ш.И. Сагадиева
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер Ж.К.Авдеенко

Қамқоршылық кеңес мүшелері:6 адам

1) Д.А. Саруаров
2) А.А. Баянова
3) Н.К. Байзаков
4) А.А. Казесова
5) Е.С. Кусаинов
6) Р.М. Каршалов

«Алпамыс» бөбекжай-бақшасы» МКҚК-нің
қамқоршылыққеңестіңотырыстары
№4 ХАТТАМА

Өткізу күні:2025 ж.26. 05.
Өткізу түрі: есеп.
Қатысқандар:
Меңгеруші М.К.Сабитова
Әдіскері М.С.Баграмова
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б.Токпанов
Қамқоршылық кеңес мүшелері: 8 адам

1) Д.А. Саруаров
2) А.А. Баянова
3) Н.К. Байзаков
4) А.А. Казесова
5) Е.С. Кусаинов
6) Р.М. Каршалов
7) Н.А. Ғалымжан
8) М.А. Каршалова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024 – 2025 оқу жылындағы балабақша жұмысының қорытындысы. **Жауапты:**меңгеруші М.К. Сабитова.
2. Мектепке дейінгі ұйымдағы жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және балабақша ғимаратына косметикалық жөндеу жұмыстарын жүргізу. **Жауапты:**әдіскер М.С. Баграмова.
3. Қамқоршылық кеңесінің 2024 – 2025 оқу жылындағы жұмысы туралы есебі. **Жауапты:**қамқоршылық кеңесінің төрағасі Ә.Б. Токпанов.

1.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі М.К. Сабитова 2024 – 2025 оқу жылында атқарылған жұмыстардың қорытындысы бойынша есеп берді.

Баяндамасында оқу жылы ішінде оқу-тәрбие жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізілгенін атап өтті. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларының сапасы артқаны айтылды.

Педагогтер оқу жылы бойы кәсіби шеберліктерін жетілдіру мақсатында біліктілікті арттыру курстарына, семинарларға, вебинарларға және шеберлік сыныптарына қатысып, өз тәжірибелерін толықтырды.

Сонымен қатар мемлекеттік мерекелерге, ұлттық және тақырыптық іс-шараларға арналған мерекелік бағдарламалар жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Балалар мен педагогтар қалалық, облыстық және республикалық деңгейдегі байқауларға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болғаны атап өтілді.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Әдіскері М.С. Баграмова: Оқу жылының қорытындысын талқылай отырып, педагогтардың кәсіби белсенділігі мен тәрбиеленушілердің жетістіктеріне оң баға берді. Келесі оқу жылында инновациялық технологияларды кеңінен пайдалану, балалардың шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылды.

ҚАУЛЫ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы балабақша жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Алдағы оқу жылында білім беру және тәрбие жұмысының сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

Жауапты: меңгерушісі М.К. Сабитова, әдіскер М.С. Баграмова, педагогтар. **Мерзімі:** 2025 – 2026 оқу жылы бойы.

«Келісемін»-9 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

2.

ТЫҢДАЛДЫ:

Әдіскер М.С. Баграмова жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жөнінде баяндама жасады.

Ол жаз мезгіліне арналған сауықтыру жоспары әзірленіп, бекітілгенін хабарлады. Жоспарда таза ауадағы сауықтыру шаралары, спорттық ойындар, шынықтыру жұмыстары, танымдық серуендер, шығармашылық іс-шаралар және қауіпсіздік ережелерін сақтау шаралары қамтылғанын айтты.

Жазғы кезең басталғанға дейін барлық педагогтерге еңбек қауіпсіздігі, өмір қауіпсіздігі және балалардың денсаулығын қорғау бойынша нұсқама өткізілгені айтылды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Шаруашылық меңгерушісі жаз мезгілінде жүргізілетін косметикалық жөндеу жұмыстарының жоспары туралы баяндады. Ол топ бөлмелерін, дәліздерді, ойын алаңдарын және қосалқы бөлмелерді ағымдағы жөндеуден өткізу, сырлау, санитариялық талаптарға сәйкестендіру жұмыстары жоспарланғанын хабарлады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Кеңес мүшелері М.А. Каршалова: Жазғы сауықтыру жұмыстары балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталуы тиіс екенін атап өтті. Сонымен қатар жөндеу жұмыстарының сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқталуы қажеттігі айтылды.

ҚАУЛЫ:

1. Жазғы сауықтыру жоспары бекітіліп, барлық іс-шаралар жоспарға сәйкес орындалсын.
2. Балабақша ғимаратына жоспарланған косметикалық жөндеу жұмыстары уақтылы әрі сапалы жүргізілсін.

Жауапты: меңгеруші М.К. Сабитова, әдіскер М.С. Баграмова. **Мерзімі:** 2025 жылғы маусым–шілде айлары.

«Келісемін»-9 «Қарсы» - 0 «Қалыс қалды» -0

3.

ТЫҢДАЛДЫ:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б. Токпанов 2024- 2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді.

Өз баяндамасында Қамқоршылық кеңесінің балабақша өміріне белсенді қатысып, ұйымдастырылған мерекелік іс-шараларға, қайырымдылық және қоғамдық жұмыстарға қолдау көрсеткенін айтты.

Балабақшаның материалдық-техникалық базасын жақсарту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылғаны атап өтілді. Кеңес төрағасы белсенді жұмыс атқарған Қамқоршылық кеңесінің мүшелеріне алғыс білдіріп, оларға Алғыс хаттар табыс етті.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Кеңес мүшелері Д.А. Саруаров: Оқу жылындағы жақсы жұмысы үшін педагогтарды атап өту қажет екенін атап өтті. Ұсыныс бірауыздан қолдау тапты.

ҚАУЛЫ:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2025 – 2026 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары жалғастырылсын.

Жауапты: меңгерушісі М.К. Сабитова, қамқоршылық кеңесінің төрағасыӘ.Б. Токпанов, қамқоршылық кеңесінің мүшелері.
Мерзімі: 2025 жылғы тамыз айына дейін.
«Келісемін»-9 «Қарсы»-0 «Қалыс қалды» -0

ҚАУЛЫ ЕТТІ:
1.

1. 2024–2025 оқу жылындағы балабақша жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Алдағы оқу жылында білім беру және тәрбие жұмысының сапасын арттыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

Жауапты:меңгеруші М.К. Сабитова, әдіскер М.С. Баграмова, педагогтар.
Мерзімі:2025 – 2026 оқу жылы бойы.
«Келісемін»-9 «Қарсы»-0 «Қалыс қалды» -0
2.

1. Жазғы сауықтыру жоспары бекітіліп, барлық іс-шаралар жоспарға сәйкес орындалсын.
2. Балабақша ғимаратына жоспарланған косметикалық жөндеу жұмыстары уақытылы әрі сапалы жүргізілсін.

Жауапты:меңгеруші М.К. Сабитова, әдіскер М.С. Баграмова. **Мерзімі:**2025 жылғы маусым–шілде айлары.
«Келісемін»-9 «Қарсы»-0 «Қалыс қалды» -0
3.

1. Қамқоршылық кеңесінің 2025 – 2026 оқу жылындағы жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстары жалғастырылсын.

Жауапты:меңгерушісі М.К. Сабитова, қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ә.Б. Токпанов, қамқоршылық кеңесінің мүшелері.
Мерзімі: 2025 жылғы тамыз айына дейін.
«Келісемін»-9 «Қарсы»-0 «Қалыс қалды» -0
Меңгеруші: М.К. Сабитова
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: Ә.Б.Токпанов
Хатшы: С.Д. Жақан

Қамқоршылық кеңес мүшелері: 8 адам

1) Д.А. Саруаров
2) А.А. Баянова
3) Н.К. Байзаков
4) А.А. Казесова
5) Е.С. Кусаинов
6) Р.М. Каршалов
7) Н.А. Ғалымжан
8) М.А. Каршалова